

ҚОРЫТЫНДЫ

Қолдарыңызға тиіп отырған Әлшекей Бектібайұлының қазақ халық аспаптары оркестріне арнайы тапсырыспен өңделіп, лайықталып түсірілген 12 және 2 арнау күйлерінен тұратын «Толқын» партитуралар жинағы Қазақстанда тұңғыш рет жарияланып отыр. Әлшекейдің Ерсұлтан, Байсұлтан, Қарабала, Жұмабек, Дәнебек, Мұса, Әлеухан деген ұлдарының ішіндегі Дәнебектен Сейсенбай мен Жидебай тараса, Жидебайдан – Сейіт, Ораз, Ақылбек, Оңғарбай, Оралбай және Оспан өрбіген.



Солардың ішінде, Оңғарбай Жидебайұлы Дәнебеков – ата мұрасының жинаушысы, һәм қамқоршысы. Пешенесіне Әлшекей бабасының бізге жеткен, қолда бар күйлерін елімізге танымал өнер майталмандарына қолқа салып, оркестрге түсірту бақыты бұйырған мұрагер. Осындай қиын да, жауапты істі қолға алған Әлшекейдің шөбересі – Оңғарбай ағамызға алғысымыз шексіз!

«Әлшекей – күйші-композитор ретінде Сыр бойындағы музыкалық мектептің көшбасында тұрған көрнекті тұлға. Қазақтың ән өнерінде Сыр бойының жыршы-жыраулық дәстүрі қандай дара болса, күйшілік өнерде де Әлшекейдің қолтаңбасы сондай дара», – деп әйгілі ғалым Ақселеу Сейдімбеков ағамыз айтқандай, өнердегі ХІХ – «Алтын ғасыр» атанған дәуірде өмір сүрген (1847-1932) Әлшекей Бектібайұлының өмірі мен шығармашылығы ерекше көңіл аудартады. Қазақтың кәсіби музыка өнерінің абызы, академик Ахмет Жұбанов халық композиторлары жөнінде бірнеше көлемді зерттеу-еңбектер жазған еді. Өкінішке орай, Әлшекей туралы мағлұматтар А.Жұбанов сынды мамандардың қолына дер кезінде тимеді. Өз ғұмырында жүзден астам күй шығарған дарынды халық композиторы Әлшекейдің шығармашылығын зерттеу неге заманында қолға алынбаған? Біздің ойымызша оның бірнеше себептері бар:

– *біріншіден*, күйшінің шыққан тегі. Қоңыраттың Құрбан ата тармағынан тарайтын орта дәулетті Әлшекейдің ата-бабасынан қалған байлығы оған кесір болды. Күйшінің кемеліне келіп, ел ағасы болған шағы Кеңес заманының Қазан төңкерісімен тұспа-тұс келді. Байдың ұрпағы деген желеумен отбасы, туыстары қудалауға түсті. Осы қудалау өмірінің соңына дейін оған тыныштық бермеді. Туған топырағы, кіндік қаны тамған жері бұйырмай бір түнде көшуге тура келді. Әуелі Өзбекстан, кейіннен Тәжікстан жеріне барып, бас сауғалап, паналауы – елге сыйлы болып келген азаматқа, әсіресе жүрегі нәзік өнер

адамына оңай соқпағаны анық. Туған жерімен байланыс үзіліп, жырақта қалған күйшінің мұрасын жалғастырып, елге таратар шәкірттері болмады;

– *екіншіден*, «шайтан таяғын ұстаған» деген молдалардың түсінбеушілігі оның зығырданын қайнатты. Әлшекей балаларының домбырашы болғанын қаламады. Өз басына түскен ауыртпашылықты олар көрмесін деп ойлады. Домбыраны жасырып, жұрт көзіне түспей ойнауды әдетке айналдырды. Осы әдет балаларына ауысқан сияқты.

Әзіретәлі Махановтың айтуы бойынша Әлшекейдің баласы Дәнебектің барлық өнерінің қызығын жалғыз ғана әйелі көргені аян. Сол себепті де әкесінің күйлерін тиіп-қашып естіген өз балаларының және киіз үй сыртынан естіп үйренген Кенжетай күйшінің орындауында Әлшекей мұрасы бізге толық жетпеген;

– *үшіншіден*, күйшінің ұрпақтары туған еліне тек өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғына қарай көшіп келді. Бұл кезең әлі де болса, Кеңестік дәуірдің қылшылдап тұрған шағы. Әлшекейдің күйлері толыққанды халық арасында насихатталмады.

Ең алғаш Әлшекей Бектібайұлы жөнінде деректер Манап Көкенов, Үсен Әбшенов, Досан Шпақов, Байжігіт Әбдіразақов пен Құдабай Ертаев, Илья Жақанов, Бәден Айсынов, кейіннен Әзіретәлі Тұрсынов, Ақселеу Сейдімбеков, Балтабай Нұржанов, Берік Жүсіпов және т.б. еңбектерінде жазылған болатын. 2005 жылы жарық көрген осы жолдар авторының «Сыр сүлейі – Әлшекей» атты жинағында Әлшекей бабамыздың түрлі нұсқаларымен 26 күйінің ноталары және күйші мұрасын жалғастырушылардың 5 авторлық туындылары мен «Терісқақпай» күйінің партитурасы шықты. Осы жинақтағы күйлердің жеке домбырада орындалу нұсқасы бойынша оркестрге түсірілді.

Осы жинаққа енген күйлерді айта кетсек:

1) **Толқын** – Әлшекейдің автобиографиялық күйі деп айтуға болады. Қазан төңкерісі көшпелі қазақ жұртшылығына сан қилы өзгерістер әкелді. Оның жақсылығы да, зияндылығы да болғаны даусыз. Орта дәулетті Әлшекей әулеті осының бәрін басынан өткерді. Аталас ағайындарының мал-мүлкі конфискеленіп, жер аударылды. Бар ағайынын ертіп бір түнде Өзбекстан жеріне көшеді. Желқайықпен дариядан өткен күйші туған жерін қимай, кәрі қойдың жасындай ғұмыры қалғанда сүргінге түскен елінің тағдырына киналып, баппен аққан Сырдың суына телміріп ұзақ қарап тұрады...

Туған жерімен «Толқын» күйі арқылы таусыла қоштасқан Әлшекейге, десе дегендей, ата жұртын қайтып көруді тағдыр жазбаған. Алғашқыда тіршілік қамы үшін Өзбекстанның Жызақ, Самарқанд жағында кіре тартып күнелтеді. Бірақ, «бай-құлақтың тұқымы» деген қауесет бұл жерде де

түрткілеп, тыныштық бермейді. Содан, ізін суыту үшін тағы да жылыстай көшіп, Ауғанстан асып кетуді ниет етеді. Жолай Бадының желіне ұрынып, Жұмабек пен Әлеухан деген балалары қайтыс болады. Мұнан әрі Тәжікстанның Шәрбат ауданына (қазіргі Қорғантөбе обласы) қарасты Явань (Жауан) қыстағына келіп тізгінін тартады. Бұл жерге жеткенде жол азабына шыдамай Әлеухан мен Мұсадан туған екі немересі қатар шетінейді. Әлшекей жақсы көретін қос немересінің басын қимай, сол Жауан қыстағына тұрақтап қалады. Бұл кезде оның жасы сексеннен асып, үйде отырып қалған шағы екен. Ересектер түз жұмысымен жүргенде, Әлшекей үйде отырып Дәнебек бастаған немерелеріне қоңыр домбырасымен күй үйретеді. Соны көңілге медет етеді. Күндердің күнінде ұрпағы елге оралар күн туса, өмір жолының шежіресіндей көкірегін жарып шыққан күйлері туған жердің төсінде шалқи естілер деп үміттенеді. Сол үмітті серік еткен Әлшекей көкірегіне шер байланып, көңіліне сағыныш ұялаған қалпында 1932 жылы фәни жалғанмен қош айтысады.

Күйшінің сүйегі Жауан қыстағының шетіндегі Шахидон деген қорымға, қос немересінің қасына жерленеді.

Дарияның толқыны көңілінің толқынына ұласып, ел мен жерге деген кимас сағынышы қасіретке айналған Әлшекей бабамыздың Толқын күйі бүкіл шығармашылығының биігі, һәм тереңі деп бағаланады. Сырдария мен Вахыш өзендерінің арасында толқындай соғысқан тауқыметті кезеңде дүниеге келген бұл күйі Әлшекейдің аққу арманы еді. Өмірінің үзілер сәтінде де осы күйді тыңдап жатып үзілген екен, жарықтық...

Әлшекейдің әрбір күйінің шығу тарихын өлеңмен өрнектеген халық ақыны Манап Көкенов, төмендегідей толқытады:



Тұрғанда сұлу Сырдың жағасында,
Намаздыгер, намазшам арасында.
Самал жел, саф ауасы, су сылдыры,
Өнерге шабыт берер нанатынға.
Толқын ойнап түскенде сабасына,
Ерекше әсер алмай қаласың ба?
Өмір де Сыр толқыны секілді-ау деп,
«Толқын» күйін шертіпті баба сонда.

Әбдіқадыр Әбдіхалықов (1934-1996) Әлшекейдің жиен шәкірті. Бектібайдың Әлшекей, Туматай, Кержан атты ұлдарының ішіндегі Туматайдың баласы Кенжетай Әбдіқадыр Әбдіхалықовты шәкірті қылады.

Кенжетай домбыраны солақай тартқан. Ұстазының «солақайлығы» Әбдіқадырға ауысқан сыңайлы.

Әлшекей күйлеріне деген қызығушылық Әбдіқадыр Әбдіхалықовпен танысып, орындау шеберлігіне тәнті болғаннан басталды. Осы таныстықтың аяғы ұстаз бен шәкірттің байланысына жалғасты. Қазақы дәстүрмен мені «өкіл бала» қылды. Бұл мен үшін үлкен сын және үлкен жауапкершілік еді. Болашақта өнер зерттеушісі мамандығын қалауыма да септігін тигізгені анық. Ұстазымның аманатымен өзінен үйренген Әлшекей бабаның қолда бар бірнеше күйлерін нотаға түсіріп, Қазақ радиосына жаздырттым. Оның орындаған күйлері арқылы Әлшекейдің өзіндік күйшілік қолтаңбасын айқындаймыз. Әбдіқадыр өз жанынан да күйлер шығарған. Мысалы, «Жайлау» т.б. Осы жинаққа енген «Толқын», «Шерлі», «Айрауықтың ащысы-ай» күйлері Әбдіқадырдың орындау нұсқасында оркестрге түсірілді.




Әбдіқадыр Әбдіхалықовтың орындау нұсқасы бойынша «Толқын» күйін оркестрге өңдеп түсірген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының профессоры, елімізге танымал дирижер **Жамағат Темірғалиев**.

2) **Отарба** – бұл күй Әлшекейдің нағыз суреткерлігін көрсетеді. Құрманғазының «Машина» күйіндегідей дыбыс көркемдеу ерекшеліктерін молынан пайдаланады. Сыр бойындағы елдің өміріне Орынбор-Ташкент темір жолы үлкен өзгерістер ала келді. Тосын жаңалыққа тосырқаушылар көп, таңырқаушылар да жетерлік. Ғасырлар бойы өз қызығы өзінде, іштей мүлгіп жатқан даланың тыныштығын бұзған паровоз дауысы көшпенді жұрттың да тыныштығын бұзғандай. Қалай дегенмен де 1901-1904 жылдары салынған теміржол құрылысы Сыр бойына Ресейдің ықпалының шындап артқандығының кепілі болды. Ел өміріне дендеп ене бастаған жаңа мәдениеттің, қоғамдық жүйенің өміршендігінің, технократтық салт-сананың өктемдігінің нышаны ұлттық санада да паровоз бейнесінде қалыптасқандай.



Тынысбек Дүйсебеков – Ибаш арқылы Әлшекей күйлерін үйренген. Ол күйлерді жігерлі, тез екпінде, зулата орындайды. Т.Дүйсебекұлы мықты орындаушы және сазгер, оның «Жайлауда», «Өрлеу» сынды өз күйлері бар. «Отарба», «Аққу кеткен», «Жаяу кербез» күйлері Тынысбектің орындау нұсқасында оркестрге түсіріліп, жинаққа кіргізілді.



Тынысбек Дүйсебековтың орындау нұсқасында күйді нотаға түсірген Құрманғазы атындағы ҚҰК профессоры, ҚР Мәдениет қайраткері **Білал Ысқақов**. Ал оркестрге өңдеп түсірген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі, Мемлекеттік Академиялық Астана филармониясы, қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры **Айтқали Жайымов**. Осы күйді оркестрдің орындауында тыңдайтын көрермен шексіз теміржол рельстерімен жүйткіп бара жатқан паровозды елестетері сөзсіз...

3) **Сыбызғының күйі** – Әлшекей бабамыз бала кезінде сыбызғыны нағашысы Рүстемнен үйреніп, ер жете келе домбыраға ауысқаны белгілі. Сыбызғы, қобыз күйлері әдетте, теріс бұрауда ойналады. Әлшекей бабамыз бұл дәстүрді бұзбаған. Жидебай Дәнебековтың орындау нұсқасымен Айтқали Жайымов оркестрге өңдеп түсірген бұл күйде сыбызғының дыбыс элементтері домбырамен суреттеледі. Әлшекей Бектібайұлының шығармашылығындағы философиялық туындылардың бірі.

Жидебай Дәнебекұлы (1928-2005)



Әлшекейдің немересі. Шын аты – Шегебай. Жеңгелері – «сен бізге шеге болып қадалып жүресің бе, жиденің көп мәуесіндей, мәуелі болармысың», - деп еркелетіп, Жидебай атап кеткен. Атасының барлық күйлерін меңгеріп, оның домбырашылық мұрасын біздің заманымызға жеткізуші дәнекер. Жидебайдың орындау нұсқасымен «Сыбызғының күйі», «Сауда бұзар», «Бұқтым-бұқтым» күйлері оркестрге түсіріліп, осы жинаққа енді.

4) **Аққу кеткен** – Сүгірдің, Тілендінің «Аққулары» сияқты Әлшекейдің бұл көне жанрға тоқталуы кездейсоқтық емес. Сондықтан да шығарма теріс бұрауда өрбиді. Бұл Әлшекейдің «Құс-жануарларға арнау циклында» жазылған күйлерінің бірі.

Бұл күйді Т. Дүйсебеков «Аққу кеткен» деп орындайды.

Ал М.Көкенов былай толғайды:

Қос аққу өмір кешкен көлде көптен,



Сыңарын мерген атқан аңдып еппен.
Жұбы жоқ, құс екеш құс көлден безген,
Әлшекей сонда тартқан «Аққу кеткен».
Аңыз ба, әлде, шындық па мұның өзі,
Құйқылжыған күй болып бізге жеткен.

Тынысбек Дүйсебековтың орындау нұсқасында күйді оркестрге түсірген ҚР Мәдениет қайраткері, ҚҰӨ университетінің доценті, танымал дирижер **Қарасай Сайжанов.**

5) **Сауда бұзар** – күйдің шығу тарихы жөнінде нақты деректер жоқ. Әйтсе де, шығарма барысында кездесетін синкопалық ырғақтар әзіл күйлерді елестетеді. «ре-ля» пернесінде басылып, «си», «фа #» белгісімен ойналатын осындай күйлері Әлшекейдің стилін, шығармаларының композициялық ерекшелігін көрсетеді.



Жидебай Дәнебековтың орындау нұсқасы бойынша күйді оркестрге өңдеп түсірген Құрманғазы атындағы ҚҰК ұстазы, қауымдастық профессоры, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері **Төлепберген Тоқжанов.**

6) **Терісқақпай** – Әлшекей шығармашылығындағы шоқтығы биік күйлердің бірі. Манап ақынның өлеңіне қарағанда, тартыс күйлер циклына жатқызамыз:

Тартыспақ боп күйші қыз Айшаменен,
Көп жігіт ат сабылтып келе берген.
Жеңілдім деп талайы қайтып кетсе,
Келеді талапкерлер дәмеленген.
Әлшекей де келіпті тағат таппай,
Қызбенен тартысыпты тамақ тартпай.
Енді қайттым дегенде жан қысылып,
Күй туыпты деседі «Терісқақпай».



Әбдіқадыр Әбдіхалықовтың орындау нұсқасында күйді нотаға және оркестрге түсірген Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің қауымдастырылған профессоры, «Құрмет» орденінің иегері, Мәдениет саласының үздігі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі **Еркін Нұрымбетов.**

7) **Желдірме** – «қазақтың халық музыкасы творчествосында речитативті түрде қалыптасқан ән жанрының бір түрі. Желдірменің мелодиялық өрісі негізінен бір немесе бірнеше рет қайталанып отыратын әуеннен тұрады. Әуені жылдам, жүрдек, қарқынды күйде басталып, соңы қоңыржай сазда аяқталады», деп қазақ энциклопедиясында жазылған болса, желдірме-күйлер желдіртіп, құйқылжыта орындалатын жанр болып қалыптасқан.

Аман Жаманқұлов – Әлшекейдің замандасы, үлкен өнер иесі Құлменов Жаманқұлдың баласы. Әлшекей күйлерінің жоғалып кетпей, бізге жетуіне үлкен үлес қосқан. Қызылорда облыстық радиосына Әлшекей күйлерін жаздыртқан. Осы жинаққа енген Аманның орындауындағы Әлшекейдің «Желдірме», «Ақжелең» күйлерін нотаға және оркестрге толықтырып, өңдеп түсірген **Еркін Нұрымбетов.**

8) **Ақжелең** – Қазақтың тармақты күйлер қатарына жататынын белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбеков өз еңбектерінде жазған болатын. Әу баста өз күйлерін «Ақжелең» деген атпен тартқан Ақжелең есімді ару қыз Жайық бойында ғұмыр кешіпті деген аңыз-әңгіменің қисыны бар.

Өйткені, күні бүгінге дейін айтылатын сол аңыз-әңгімелерде Ақжелең арудың ақ боз ат мініп, ақ үкі тағып шығатыны бір ауыздан суреттеліп отырады. Ақжелең ақыл-көркінің, арқалы өнерінің арқасында елдің еркесі болыпты дейді.

Әсіресе, ол тарқан күйді әркім-ақ жалықпай тыңдайтын болса керек. Кейін келе Ақжелең күйлерінің ел ішіне әйгілі болғаны соншалық, нағыз күйші Ақжелеңнің сұлу күйлерін тартуды үйренбей тұрып өзін күйші-домбырашымын деп атауға қымсынатын болған.

Сөйтіп, Ақжелеңнің күйлері күйшіліктің, домбырашылықтың өлшеміне айналған. Тіптен, әйгілі күйші-домбырашыларға ең биік баға берілгенде «Ол

алпыс екі тармақты «Ақжелеңді» тартады» деп келетін сөз бар. Боғда, Дәулеткерей, Қазанғап, Абыл, Ұзақ, Мүсіәлі, Есбай сияқты әйгілі күйшілердің «Ақжелең» тармағын ұзартпағаны кемде-кем. Олардың қай-қайсысы да өз өмірлерінің ең бір сұлу сырға толы сәтін «Ақжелең» атты әсем күймен көмкеріп отырған.

Әлшекей бабамыз да осы жанрға тоқталып, өз үлесін қосып, керемет туындыны дүниеге әкелген.

9) **Жаяу кербез** – Әлшекейдің кербез жеңгелеріне арнап тартқан күйі болса керек. Әлшекей жеңгесін күймен, ал Манап ақын өлеңмен былай суреттейді:



Бір жеңгесі ақ сүйрік, көзі нәркес,
Қылығы мен ақылы баурайды әркез.
Қайран қап жүріс-тұрыс, мінезіне,
Әлшекей тартқан күйі «Жаяу кербез».

Тынысбек Дүйсебековтың орындау нұсқасында күйді оркестрге өңдеп түсірген Құрманғазы атындағы ҚҰК доценті, Домбыра кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет қайраткері, дирижер, Дәулеткерей атындағы І-ші Республикалық домбырашылар сайысының лауреаты **Сәлімгерей Садықов**.

10) **Бұқтым-бұқтым**. Осындай атаумен Құрманғазы, Мырзаның күйлері бар екенін тарихтан білеміз. Домбырадағы синкопалық тұтып алу әдісін Әлшекей бабамыз еркін пайдаланады. Дәстүрлі Батыс Қазақстан домбырашылық мектебіндегі сияқты «ре-ля» пернесінде, «си *B*» белгісімен минорлық ауытқу түрінде көрсетілген. Әлшекейдің «Бұқтым-бұқтым» күйі «дауыс көркемдеу» дәстүрінде шығарылған күй деп айта аламыз.



Жидебай Дәнебековтың орындау нұсқасында күйді оркестрге түсірген Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің дирижері, Халықаралық, Республикалық конкурстардың лауреаты **Мүсілім Әмзе**.

11) **Айрауықтың ащысы-ай**. Бір күні Әлшекей, Мұстафа ақын, Өтемәлі жас әнші, тағы еті тірі екі жігіт, бесеуі Бекен байдың ауылына келеді. Бай олардың келгенін жақтыртпай, қонақ қылмайды. Бай:

- Анау құмнан ассаңдар, кеше көшіп келген ел бар, соған барыңдар, – деп қабылдамайды. Сонда Әлшекейдің жан досы Мұстафаның:

«Айрауықтың ащысы-ай,
Тұщы судың тапшысы-ай
Бес жігітке қуырылған
Бекен байдың апшысы-ай.
Кешқұрым қайда жүрейік,
Жол сырын қайдан білейік,
Кеңшілік етсе Байекең,

Үй сыртында түнейік», – деп айтқан өлеңіне Әлшекей отыра қалып, аяқ астынан күй шығарған екен.



Әбдіқадыр Әбдіхалықовтың орындау нұсқасы бойынша күйді оркестрге түсірген М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі **Рахат Мадреев** жетекшілік ететін Абыл Тарақұлы атындағы халық аспаптары оркестрінің дирижеры, Республикалық конкурстардың лауреаты **Бауыржан Көбенғалиев**.

12) **Шерлі** – Әлшекейдің жоқтау жанрындағы туындысы. Бұл күйдің шығу тарихының бірнеше нұсқасы бар: Әйелі Сырғакүл қайтыс болғанда, балаларының анасын аңсап жылап-сықтауының әсерінен; жасы үлкен ақсақалдың жалғыз ұлын түйе тартып өлтірген кезде; серілік құрып жүргенде өз тобындағы Баймұрат есімді жігіт кенеттен қайтыс болғанда; ұрыс кезінде марқұм болған батырдың өлімін анасына естірткенде тартқан күйі екен. Адамның қайғысынан сейіліп, шерін тарқатып алуымен байланысты «Шер тарқату» немесе «Шерлі» деген осыдан туса керек.



Әбдіқадыр Әбдіхалықовтың орындау нұсқасында күйді оркестрге түсірген Мемлекеттік Академиялық Астана филармониясы, қазақ оркестрінің дирижеры, Республикалық конкурстардың лауреаты **Нұрлан Бекенов**.

Әлшекей Бектібайұлының әзірге қолда бар Оңғарбай Дәнебековтың тапсырысымен арнайы оркестрге өндеп түсірілген 12 күйі, міне осылар.

Болашақта Әлшекей бабамыздың күйін үйренемін дегендерге домбыраның жеке дауыстарын салуды да жөн көрдік. Бұлар кәсіби мамандардың сүзгісінен өткен, толықтырылып-өңделген күйлер болып табылады. Жинақтағы партитуралар егемен еліміздің қай өңірінің болмасын оркестрлерінің репертуарына қосылатын, өзіндік домбырашылық мектепті меңгеруде таптырмас еңбек болары анық. Әлшекей шығармашылығын зерттеп, насихаттауға өз үлестерін қосып жүрген Бәден Айсынов пен осы



жолдар авторының күйшіге арнаған төл туындылары да жинаққа енді.

13) **Әлшекей сарыны** – күйші-композитор Бәден Айсыновтың Әлшекейге арнаған авторлық күйі. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылында дүниеге келген, Құрманғазы атындағы ҚҰК түлегі, кезінде аудандық Әлшекей атындағы халық аспаптары оркестрінің дирижеры болған Б.Айсыновтың Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы» газетінде Әлшекей туралы бірнеше мақалалары жарық көрді. Оның «Әлшекей сарыны» күйінен басқа «Туған ел», «Бесарығым», «Шопан қыз» әндері мен «Егеменді Қазақстан», «Наурыз» күйлері, домбыраға арналған пьесалары бар.



«Әлшекей сарыны» күйін оркестрге түсірген қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік Академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижеры, ҚР Мәдениет қайраткері **Жексен Айсын**.

14) **Тарту** (Е.Нұрымбетов) – Әлшекейше тарту, күйшіге арнау деген мағынада айтылған. Ең алғаш Әлшекей күйлеріне деген қызығушылықпен, жалпы Сыр өңірі күйшілерін зерттеп, экспедицияға шығуды 90-шы жылдарда қолға ала бастадық. Өнері бар деген кісілерді аудио және бейне таспаға түсіргенде олар алғашқыда сәл қысылып, бар білгенін толық ақтармайды. Дерек берушілерді әңгімеге тартып, әуелі өзінді таныстырып, қандай өнерің бар екенін көрсетуге тиістісің. Кезінде бабаларымыз өз өнерлерін кейінгі ұрпаққа аманаттап қалдыру үшін ең алдымен шәкірт таңдаған. Таңдаған ізбасары оның өнерін жалғастыруға лайық па әлде жоқ па? Бұл ұстаз үшін өте маңызды болған.

1994 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияның студенті бола жүріп, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Өзгент ауылында тұратын

дәстүрлі күйші, атақты Әлшекейдің күйлерін орындаушы Әбдіқадыр Әбдіхалықовты іздеп тұңғыш экспедицияға шықтық.

Қасымда Ә. Әбдіхалықовтың туысқаны, яғни Қоңыраттың Қарашасы бала күннен досым, әнші-термеші, ақын – Жұмабай Шерниязов бастаған бір топ өнерлі жігіттер бар. Амандасып, танысып шәй үстінде келген мақсатымызды айттық. Әбдіқадыр ақсақал менің күй тартуымды сұрады. Бірақ өзі домбыра ұстамады. 30-шақты күйден кейін, шалысымды байқаған соң ғана қолына домбырасын алып, Әлшекейдің өзі білетін барлық күйлерін аңыздарын айта отырып, бабына келтіріп орындады. Біз ұнтаспаға жазып алдық.

Өкінішке орай, 1996 жылы Ә.Әбдіхалықов аз ғұмырлық дәм-тұзы таусылып, фәни дүниеден өтті. Әбдіқадыр маған Әлшекей бабамыздың күйлерін үйретіп, батасын беріп, көкейімде үлкен бір арман оятты. Мен де өнер жолында сол кісінің үміт жүгін арқалап, алдыма нысаналы мақсат қойдым.

Қазақстан Республикалық телевидение және радиосынан, Қызылорда облыстық радио қорынан, консерваторияның фонотекасы мен фольклор кабинетінен, сонымен қатар, Әбдіқадыр Әбдіхалықов, Тынысбек Дүйсебеков сынды Әлшекей күйлерін орындаушылардың тікелей өздерінен жазылып алынған музыкалық материалдарды, күйші жөнінде баспасөз беттерінде әр кезеңдерде жарияланған барлық әдеби деректерді жинастырып, «Қызылорда облысының күйшілік дәстүрі» тақырыбында этномузыкатанушы мамандығы бойынша 1997 жылы дипломдық жұмыс қорғалды.

Әлшекеймен замандас Бөпе күйшінің тарихта аты қалғаны мәлім. «Бөпемен бес тартыс» цикл күйлерін соған арнаса керек. Өкінішке орай, бұл күйлер бізге жетпеген. Бөпеден Ибаш Өткелбайұлы үйренеді де, Ибаштан Тынысбек Дүйсебекұлы Әлшекей күйлерін меңгереді. Тынысбектің мамандығы экономист болса да, күй тартуда алдына жан салмайды. Өз жанынан да күйлер шығарады. 1996 жылы кездескенімізде ағамыз нағыз «бабында» екен. Әлшекейдің бірнеше күйін зырылдатып, зулатып өзіндік мәнерінде ерекше сезіммен орындап берген еді. Бұл Әлшекей мұрасы орындаушыларының тағы бір тармағы болып табылады.

Әлшекей шығармаларын зеттеушілердің қатарында Әзіретәлі Маханұлы Тұрсыновты ерекше атай аламыз. Әзіретәлі – Әлшекейдің кіндік қаны тамған Жаңақорған жерінің түлегі, әрі Қоңырат руының айтулы азаматы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Әзіретәлі Маханұлына арнайы жолығып, өнер жолындағы ізденістерім жайлы ой бөлістім. Бұл кісі бағытымды қуана құптап, өтінішіме құлақ асты, үш адамға ғана берілген құнды қолжазбасының төртіншісін үлкен үмітпен маған ұсынды. Қолжазбаға

ие болған үш кісінің бірі – Тарақты Ақселеу. Осындай ақиық азаматтардың сенімінен шығу өнерді шынайы сүйген көңілімде әлдебір бұлқыныс тудырды.

Осы бағыттағы жұмысымыз әлдебір үзілістен кейін қайта жанданып, 2003 жылы Әлшекейдің немересі Жидебай Дәнебековпен кездесуімізге ұласты. Әлшекейдің барлық баласы да домбыра ұстап, күй шерткен. Солардың ішінде Қарабала мен Дәнебектің өнері ерекше болған. Қуғын-сүргінді көп көріп, жүрегі шайлыққан Дәнебек күйді оңаша тартады екен. Жылдар бойы қанына сіңген осы әдет кейін келе қызғаншақтыққа ұласқан сыңайлы. Әкесінің барлық күйін жете меңгерген Дәнебекті Әлшекей мұрасының *негізгі* мұрагері ретінде қарастыруға болады. Дәнебекұлы Сейсенбай мен Жидебай, яғни Әлшекейдің немерелері ата жолын қуып, күй шертуді кәсіп қылған. Бірақ, Сейсенбай әке өнерін бойына сіңіріп өскенмен жастай дүние салды.

Сөйтіп, баба мұрасын келесі ұрпаққа жеткізу міндеті Жидебайдың пешенесіне жазылды. Сол жүкті ол үлкен жауапкершілікпен орындады да. Жидебай ақсақалды 75 жасында алғаш рет көрдік. Салмақты сөздерімен және нағыз күйшіге тән паңдылықпен атасының бірнеше күйін тартып, әңгімесін айтып берді. Салалы саусақтары домбыра мойнында еркін көсіледі. Алдында отырған қарт па әлде қылшылдаған жас па, білмейсің! Шіркін, ертерек кездесер ме едік. Қазіргі ойыны осы болғанда, жас күніндегі домбырашылық шеберлігін көз алдыңызға елестете беріңіз. Кезек бізге келгенде, Әлшекейдің бірнеше күйі орындалды. Дәнебектің келіні, кезінде өнеріне тәнті болған Жидебай ақсақалдың үйіндегі жеңгеміздің:

- Мына баланың домбыра тартысы – атамыздың ойынына келеді екен, деп ағынан жарылып айтқан сөздеріне бір марқайып қалдық. Жидебайдың өз баласы Оралбай домбыра тартуды кәсіп қылмаған, бірақ «біршертері» бар екен. Қанында бар күйшілік Жидебай ақсақалдың немере-шөберелерінен бе, әйтеуір бір ұрпағынан көрінеді деп үміттенеміз. Олай айтуымызға негіз де жоқ емес. Жидебайдың Оңғарбай деген ұлы қолына домбыра ұстап, өнер жолын таңдамаса да, нағыз өнер жанашыры ретінде елге танылған атымтай-жомарт кісі. Әлшекей бабасының атындағы домбырашылардың облыстық, аудандық байқауларының тұрақты ұйымдастырушысы, демеушісі.

Бабасының күйшілік мұрасын насихаттауда үлкен жұмыстар атқарып жүрген азамат. Әлшекей Бектібайұлы жерленген Тәжікстанның Жауан қыстағына арнайы іздеп барып, жатқан жерін тапқан. Алдағы уақытта Ұлы күйшіге белгі қою жұмыстарымен айналысып жатқанын бізбен бөлісті. Оңғарбай Жидебайұлы Әлшекейдің шөбересі болса, оның ұлы Ілияс Астана мемлекеттік Академиялық филармониясы оркестрінде скрипкашы. Сонымен қатар, дирижерлықпен айналысуға да үмітті. Баба мұрасын жалғастырушы,

үлкен жауапкершілік пен ұрпақ парызын мойнына жүктеген Ілиястың болашақта танымал өнер шебері болуына күмән келтірмейміз.

Әлшекей Бектібайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеу жұмыстары мен ғылыми мақалаларымның тізімін ұсынамыз:

№	Мақала атауы	Выходные данные
1	«Күйші Әлшекей Бектібайұлы»	Материалы международной научно-практической конференций, посвященной 70 -летию ЗКГУ. г.Уральск. 11-12 октябрь, 2002 г.
2	«Әлшекей күйлерінің аңыз-әңгімелері»	Вестник ЗКГУ № 2. Май 2003 г. Уральск.
3	«Әлшекей күйші»	Материалы международной научно-практической конференции «Культурное наследие народов Казахстана и национальная система образования в республике». КазНАИ им.Т.Жургенева. Апрель 2004 г. Алматы
4	«Әлшекей күйлері аңыздарына жазылған М.Көкеновтің өлеңдері»	Материалы Республиканской научно-практической конференции «Искусство и культура: трибуна молодых», посвященной Всемирному Дню Танца. ЗКГУ. Уральск. 29-30 апрель 2005 г.
5	«Әлшекей күйлері аңыздарына арналған М.Көкеновтің өлеңдері»	Материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы развития искусства в условиях глобализации современного мира». КазНАИ им.Т.Жургенева. Апрель 2005 г. Алматы.
6	«Халық композиторы - Әлшекей Бектібайұлы»	Материалы Международной научно-практической конференции на тему «Древнетюркская цивилизация и актуальные вопросы исследования наследия Қорқыт Ата». Декабрь 2005. Кызылорда
7	«Сыр сүлейі - Әлшекей». Күйлер жинағы.	Алматы, издательство «Исламнур». 2005.
8	«Әлшекей күйлерінің тәрбиелік мәні»	Материалы Международной научно-практической конференции «Музыкальное образование: проблемы, поиски, решения». Талдыкорган. 2005 г. Жетysуский государственный университет им.И.Жансугурова
9	«Халық композиторы - Әлшекей Бектібайұлының	Ізденіс-Поиск. Научный журнал №2(2)/2006.

	күйшілік мұрасын жалғастырушылар»	
10	«Әлшекей күйлерінің шығу тарихы мен тәрбиелік мәні»	Материалы Республиканской научно-практической конференции «Инновационные технологии обучения и интерактивные методы в высших учебных заведениях» ЗКГУ. Уральск. 27 март 2006г.
11	«Әлшекейдің күйлерін біздің заманымызға жеткізуші-орындаушылар жайында»	Материалы Международной научно-практической конференции «Искусство в мировом культурном и образовательном пространстве». Алматы. 19-20 апреля 2006 г. КазНАИ им. Т.Жургенова.
12	«Әлшекейдің күйшілік мұрасын жалғастырушылар»	Материалы Международной научно-практической конференции «Наследие и современные проблемы национальной культуры». ЗКГУ. Уральск. 21-23 апреля 2006 г.
13	«Дәстүрлі күйші - Әлшекей Бектібайұлы»	Материалы Международной научно-практической конференции «Валихановские чтения - 11». 1 том. Кокшетауский государственный университет им.Ш.Уалиханова. 21-23 апреля 2006 г.
14	«Әлшекейдің мұрасын зерттеудің кейбір мәселелері»	Научный журнал «Известия Национальной Академии наук РК». Серия филологическая. № 6 (166). Ноябрь-декабрь 2007. Алматы.
15	«Әлшекей күйшінің шығармашылығы». Электронды оқулық.	Компьютерный центр ЗКГУ. Уральск. 2008.
16	«Творчество казахского народного композитора Алшекея Бектибайұлы»	Материалы IV Международной научно-практической конференции «Современные научные достижения –2008». 15 том. Польша. г.Przemysl. 1-14 марта 2008 г.
17	«Әлшекейдің күйшілік мұрасы»	Материалы II Международной научно-практической конференции «Традиционная музыкальная культура. Прошлое и настоящее», посвященной 70-летию Факультета Народной музыки КНК им.Курмангазы. 25-27 ноябрь 2015 г. Алматы.

Қорыта айтқанда, 2017 жылы туғанына 170 жыл толып отырған Әлшекей Бектібайұлының оркестрге түсірілген күйлерінің екінші өмірі басталды деуге болады.

Тойдың басы 2017 жылғы 1 наурыз күні қасиетті Маңғыстау жерінде өтіп, Рахат Мадреев басқаратын Абыл атындағы оркестр көрерменге өз өнерлерін көрсетті. Бабамызға арнап құран оқытылып, ас берілді. Сол концертке арнайы келген ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, сатирик-жазушы, Әлшекейдің ұрпағының бірі болып келетін Көпен Әмірбек ағамыз: «Әлшекей – тек Қоңыраттың күйшісі емес, ол Алаштың күйшісі» – деген еді.

Ендеше, «Қайран елім, қайран халқым» деп өз туған жерінен топырақ бұйырмай, сүйегі шетелде жатқан қазақтың біртуар күйші-композиторы Әлшекей Бектібайұлының шығармашылығына арналған бұл партитуралар жинағы көпшілік кәдесіне жарар деген сенімдеміз.

Еркін Нұрымбетов

РЕЗЮМЕ

В настоящем сборнике партитур собраны 12 инструментальных произведений (кюи) казахского народного композитора Алшекея Бектибайулы, которому в этом году исполняется 170 лет, а также 2 авторских кюя посвященные Алшекею и их домбровые варианты. Все кюи, специально для оркестра казахских народных инструментов, обработали видные деятели искусств и дирижеры республики.

Алшекей Бектибайулы – один из выдающихся кюйши конца XIX-нач. XX века, имя и творчество которого хорошо известны в народе. Однако его многогранная творческая жизнь и богатое наследие до сих пор не стали объектом специального исследования. Между тем, по ценности и значимости творчества имя Алшекея вполне сопоставимо с именами Курмангазы, Даулеткерей, Сейтека, Казангапа, Таттимбета, Сугира и многих других композиторов «золотого века».

Сборник партитур «Толкын» (Волна), рекомендуемый как дополнительное учебное пособие, предназначен для студентов музыкальных учебных заведений, дирижерам и руководителям оркестров.

SUMMARY

There are 12 instrumental works (kuy) of the Kazakh folk composer Alsekhei Bektibayuly are collected in this collection of scores, whose this year is 170th anniversary, and also 2 author's kuy dedicated to Alshekei and their dombra variants. All kuy were transcribed by great artists and conductors of orchestra of the republic, especially for the orchestras of Kazakh folk instruments.

Alsekhei Bektibayuly - one of the outstanding kuyshi in the late XIX and beginning of XX century, whose name and work are well known among the people. However, his many-sided creative life and rich heritage have not yet become the object of a special research. Meanwhile, according to the value and importance of his works, Alshekei's name is fully comparable with the names of Kurmangazy, Dauletkerei, Seytek, Kazangap, Tattimbet, Sugir and many other composers of the "golden age".

Collection of scores "Tolkyn" (Wave) is recommended as an additional training aid and intended for students of musical educational establishments, conductors and leaders of orchestras.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Көкенов М. Күй - құдіретті өнер //«Коммунизм жолы» газеті, 1972, №31
2. Әлшекей Бектібайұлы. Қазақ Совет энциклопедиясы. 2 том. А., 1978.
3. Шпақов Д. Күйшілік дәстүрдің жалғасы қалай? //«Лениншіл жас» газеті, 1979, 7 желтоқсан.
4. Әбдіразақов Б., Ертаев Қ. //Сыр саңлақтары.: А., 1985.
5. Айсынов Б. Күйші, композитор Әлшекей Бектібайұлы //«Коммунизм жолы» газеті, 1987, 15 қараша.
6. Әбшенов Ү. Кертолғау, қандай күйдесің? //«Коммунизм жолы» газеті, 1987, 21 қараша.
7. Жақанов І. //Аққулар қонған айдын көл. А., Жазушы, 1988.
8. Әбшенов Ү. Өн бойында есіп тұрған екпін бар //«Коммунизм жолы» газеті, 1988, 26 сәуір.
9. Шпақов Д. Әлшекей күйші //«Коммунизм жолы» газеті, 1992, 28 сәуір.
10. Тұрсынов Ә. //Қоңырат Құрбан атаның тағылымы. – А., 1993.
11. Тұрсынов Ә. Әлшекей күйші /қолжазба/ Қызылорда, 1995.
12. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. //Домбыра үйрену мектебі. А., 1997.
13. Нұрымбетов Е. Қызылорда облысының күйшілік дәстүрі /дипломдық жұмыс/ А., 1997.
14. Жүсіпов Б. //Жиделі Байсын күйлері. – А.: «Ғылым», 2000.
15. Сейдімбек А. //Қазақтың күй өнері. – Астана, 2002.
16. Нұржанов Б. //Әлшекей. Қызылорда, 2002.
17. Нұрымбетов Е. //Сыр сүлейі – Әлшекей. – А.: «Исламнұр», 2005.